

**Түркістан облысы, Келес ауданына қарасты Жүзімдік ауылдық округі,
Жүзімдік ауылында орналасқан №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы
білім беретін мектебінің тарихи-археологиялық мұражайы туралы
жалпы
МӘЛІМЕТ**

№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің тарихи-археологиялық мұражайы Жүзімдік ауылының аумағындағы археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде табылған археологиялық экспонаттар негізінде 1990 жылы ұйымдастырылған. Археологиялық қазба жұмыстары 1985-1986 жылдары жүргізілген. Қазба жұмыстарына жетекшілік жасаған – сол кездегі Қазақ КСР-сы Ғылым Академиясына қарасты Археология институтының ғылыми қызметкері, ғылым докторы К.А.Ақышев пен тарих ғылымының кандидаты А.Подушкин. Мұражай 1990 жылы Келес аудандық атқару комитетінің 28-ақпандағы №497 шешімімен ашылған. Мұражайды ұйымдастырып ашқан азаматтар – сол кездегі Келес аудандық партия комитетінің үшінші хатшысы Гулнара Ақбердина, Жүзімдік кеңшарының директоры Беркін Қалмаханов, №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Асқанбай Есенбеков.

Мектеп мұражайының жалпы аумағы – 68 шаршы метр болатын екі бөлмеден тұрады. Экспозициялық бөлменің аумағы – 56 шаршы метр. Мұражайдағы жалпы экспонаттар саны – 152. Негізгі экспонаттар: Алтарь ошақ, саз балшықтан жасалған көзелер мен құмыралар, қоладан жасалған тұрмыстық ыдыстар, құлпытас, тастан жасалған қол диірмен, ағаш ыдыстар, шоқпар, құрылыс кірпіштері және тағы басқалар. Мұражай тұрақты түрде, қоғамдық негізде жұмыс істейді. Мектеп мұражайына облыстық жас туристер станциясы тарапынан 05.12.1993 жылы және облыстық тарихи-өлкетану музейі тарапынан 14.12.1993 жылы «Мектеп мұражайы» деген паспорт берілген.

Тарихшы мамандардың қорытындысына сәйкес, осы аймақтан табылған тарихи экспонаттар біздің заманымыздың I-XIII ғасырлардағы Қаңлы мемлекеті мен Қарахан мемлекеті кезеңдеріне жатады.

Мұражай жұмысының негізгі мақсаты – оқушылардың тарихи, өлкетану бағытындағы танымын арттыру және оларды патриоттық рухта тәрбиелеу.

Мұражай меңгерушісі:



К.Усенов